

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
«№81 Astana English School  
халықаралық мамандандырылған  
гимназия» КММ



Ministry of Education and  
Science of the Republic of  
Kazakhstan SCE «International  
Specialized Gymnasium  
№81 Astana English School»  
Nur-Sultan city

## БҰЙРЫҚ

01.09.2022г.

Нұр-Сұлтан қаласы

## ПРИКАЗ

№ 196-Н/г  
город Нур-Султан

### Ата-аналардан заңсыз ақша қаражатын жинауға тыйым салу туралы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау үшін, педагогикалық ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Гимназияда заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша төмендегідей түсіндіру жұмыстарын жүргізу және бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: Г.А. Абдығалиева мен Г.Н. Тайшибаеваға жүктелсін:

- ата-аналардан сынып, мектеп тазалығын сақтау және жөндеу жұмыстарына, құрал-жабдықтар, жиһаз сатып алуға, мектеп аттестациясын өткізу, педагогикалық ұжым қызметкерлеріне сыйлықтар, мерекелерге қарсы іс-шаралар өткізу және басқаларға мәжбүрлеп ақша қаражаттарын жинауға қатаң тыйым салынсын;

- педагогикалық ұжымда және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, қажеттілігі үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

- ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге және тәрбиешілерге қатаң шара қолданылсын;

- педагогикалық ұжымға осы бұйрық туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, таныстырып айту директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: Г.А. Абдығалиева мен Г.Н. Тайшибаеваға жүктелсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: Г.А. Абдығалиева мен Г.Н. Тайшибаеваға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Г.Д. Садыкова